

“САМУҒРЫҚ-ҚАЗЫНА” АҚ
КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА
СПАРТАКИАДА ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

Астана қ.

1. Жалпы ережелер

1.1. “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы Спартакиада Регламенті (бұдан әрі – Регламент) “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында спартакиаданы (бұдан әрі – Спартакиада) ұйымдастыру және өткізу мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Регламент іріктеу жарыстары мен Суперфиналды өткізу шарттары мен тәртібін қамтиды.

1.3. Спартакиада кешенді спорттық іс-шара болып табылады және спортты дамыту және насихаттау, “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобының әлеуметтік корпоративтік мәдениетін дамыту және еңбек ұжымдарының ішіндегі және арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған.

1.4. Спартакиадаға қатысушылардың барлық санаттары (Спартакиаданың Ұйымдастыру комитетінің мүшелері, компания өкілдері, жарысқа қатысушылар, төрешілер, қызмет көрсетуші және техникалық персонал және басқа да тартылған адамдар) осы Регламенттің талаптарын сақталуы тиіс.

1.5. Спартакиаданың негізгі міндеттері:

- дене шынықтыру және спортпен шұғылдануды жүйелеу;
- компаниялар тобының қызметкерлері арасында спортпен шұғылдануды танымал ету;
- “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобы арасында жарыстарды ұйымдастыру және өткізу - үздік командалар мен ойыншыларды анықтау;
- корпоративтік рухты нығайту.

1.6. Спартакиадада келесі спорт түрлері бойынша жарыстар өткізіледі:

- командалық ойын: футзал, волейбол, баскетбол, арқан тарту, кибер-спорт, асық ату;
- жеке қатысушы: үстел теннисі, шахмат, армрестлинг, тоғызқұмалақ.

1.7. Регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:

Спартакиаданың Атқару Комитеті (Атқару Комитеті) – Спартакиаданы ұйымдастыру мен өткізуді жақсарту бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және талқылауға арналған бірінші деңгейдегі “Самұрық-Қазына” АҚ еншілес тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі – ЕТҰ) өкілдерінен тұратын алқалы орган;

Спартакиаданың негізгі субъектілері – қатысушылар (жеке спортшылар, команда мүшелері, команда капитандары), ЕТҰ өкілдері (спортты дамытуға жауапты мамандар, PR, HR–мамандар, жанкүйерлер және т. б.);

Спартакиаданың байланыс орталығы – Спартакиаданың негізгі субъектілерімен тіркеуді жүзеге асыру, кіріс құжаттарын бастапқы тексеру, Мандаттық комиссия отырысына құжаттар пакеттерін дайындау, Спартакиаданы ілгерілетуге, конкурстарды әзірлеуге және өткізуге бағытталған ақпараттық-үгіт қызметі мәселелері бойынша өзара әрекеттесуге жауапты Спартакиаданы Ұйымдастыру комитетінің органы;

Спартакиаданы Ұйымдастырушы – іс-шараны өткізуге бастамашы болған және Спартакиаданың Суперфиналын ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылық ететін “Samruk-Kazyna Trust” Корпоративтік қоры; қоржындық компаниялар іріктеу жарыстарын ұйымдастырушылар болып табылады;

Спартакиаданың ұйымдастырушылық комитеті – Спартакиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша мәселелерді қарайтын және шешетін орган;

Орындаушы – Спартакиаданың Суперфиналын ұйымдастыру қызметтерін жеткізуші ретінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға;

Хаттамалық ашу - Мандаттық комиссия отырысын өткізу объектісінің аумағында өткізілетін Суперфиналға қатысушыларды таныстырудың ресми рәсімі;

Мандаттық комиссия – Спартакиаданың қатысушыларының осы регламенттің талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында Спартакиаданың Бас төрешісінен, хатшыдан, спорттың барлық түрлері бойынша аға төрешілерден және Спартакиаданың ұйымдастыру комитетінің өкілдерінен тұратын Спартакиаданың Ұйымдастыру комитетімен құрылатын орган.

2. Спартакиаданы өткізу орындары мен мерзімдері

2.1. Спартакиада суперфиналдық жарыстарда жалпы командалық есеп бойынша нәтижелерді шығара отырып, екі кезеңмен өткізіледі:

2.1.1. 1-кезең– іріктеу жарыстары.

Іріктеу жарыстары – әрбір қоржындық компания (бұдан әрі – ҚК) өзінің еншілес және тәуелді ұйымдары (бұдан әрі - ЕТҰ) арасында өткізетін жарыстар. Әрбір ҚК өз қаражаты есебінен Спартакиаданың ішкі іріктеуін өткізеді және спорт түрлері бойынша құрама команданы Суперфиналға шығарады. Бұл ретте іріктеу жарыстарын өткізу барысында барлық ҚК осы Регламенттің қағидаларын қатаң басшылыққа алады және осы қағидаларға сәйкес әрбір ҚК ішкі іріктеу жарыстарының жүлде қорын, сондай-ақ өткізу орындарын, төрешілер құрамын және басқа да ұйымдастыру мәселелерін дербес қалыптастырады және айқындайды. Ішкі іріктеу жарыстарын өткізгеннен кейін құрамаға жауапты адам қоржындық компанияның бірінші басшысының қолы қойылған Суперфиналға қатысуға өтінімді және спорттың барлық түрлері бойынша қорытындылар хаттамасын, сондай-ақ регламентке сәйкес қажетті құжаттарды жолдайды.

Іріктеу жарыстарын өткізу мерзімі – барлық ҚК-лар өздерінің іріктеу жарыстарын өткізіп, **тиісті жылдың 9 қыркүйегіне дейін Суперфиналға қатысуға өтінім жіберуі керек.**

Штат саны 100 адамнан аспайтын, сондай-ақ Қор ғимаратында (Астана қаласында) орналасқан бірінші деңгейдегі ЕТҰ спорт түрлері бойынша бірыңғай құрама команда құруға немесе өз компаниясынан команда шығара

алады. Қажет болған жағдайда осы ЕТҰ арасында да жарыстар ұйымдастырылып, өткізілетін болады.

2.2.2. 2-кезең– Суперфинал.

Ішкі іріктеу жарыстарын өткізгеннен кейін ұйымдастыруға “Samruk-Kazyna Trust”КҚ жауапты болатын Суперфинал өткізіледі. Суперфиналға іріктеу жарыстарында жеңіске жеткен командалар құрамасы қатыса алады. Ұйымдастырушылар (Самұрық-Қазына Траст/жеткізушілер қатысушылардың барлық құжаттарын Регламент талаптарына сәйкес тексереді және командалардан өтінімдерді қабылдайды / қабылдамайды).

** Мандаттық комиссияның отырысы өткізілгенге дейін 10 күннен кешіктірмей Спорттық объект (объектілер) және Суперфинал өткізілетін орын туралы қосымша хабарланатын болады.*

3. Спартакиаданы өткізуге басшылық ету

3.1. Спартакиаданы дайындау мен өткізуге жалпы басшылық Спартакиаданы ұйымдастырушыға жүктеледі.

3.2. Спартакиаданың Ұйымдастыру комитеті Спартакиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мәселелерді қарауға және шешуге жауапты болады.

3.3. Спартакиаданы тікелей өткізу Орындаушыға жүктеледі.

4. Жарысқа қатысушыларға қойылатын талаптар және оларды жіберу шарттары

4.1. “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобына кіретін заңды тұлғалардың штаттық қызметкерлері болып табылатын, еңбек шарты бойынша кемінде 3 (үш) ай жұмыс істейтін және Спартакиада Суперфиналын өткізу басталған күнге дейін соңғы үш айда зейнетақы аударымдары бар тұлғалар жарысқа қатысуға жіберіледі.

4.2. Сондай-ақ, еңбек шарты бойынша кемінде 3 (үш) ай жұмыс істейтін аутстаффинг қызметкерлері, АҚС шарты бойынша істейтін және Спартакиада

суперфиналын өткізу басталған күнге дейін соңғы үш айда зейнетақы аударымдары бар қызметкерлер жарыстарға қатысуға жіберіледі.

4.3. Спартакиадаға декреттік және басқа да демалыс түрлеріндегі, сондай-ақ растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жұмыс істейтін қызметкерлер де қатыса алады.

4.4. “Самұрық-Қазына” АҚ қоржындық компаниясының еншілес тәуелді ұйымдары ішкі іріктеу жарыстарын өткізу барысында, егер еншілес тәуелді ұйымдар қызметкерлерінің нақты саны (тіркеу күніне) 50 адамнан аспаған жағдайда, кейінгі деңгейдегі еншілес тәуелді ұйымдар қызметкерлерінің арасынан командалық спорт түрі бойынша құрама команда құруға құқылы.

Құрамында 100-ден астам штаттық бірлік адам болуына байланысты "Түркістан ПМУ" ЖШС, "PSA" ЖШС сынды кейінгі деңгейдегі еншілес тәуелді ұйымдарға өздерінің жеке командаларын шығаруға рұқсат етілсін.

- Ішкі іріктеу жарыстарын өткізу кезінде спорттың ойын түрлерінде (футзал, волейбол, баскетбол, арқан тарту, кибер-спорт, асық ату) “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобына кіретін компаниялардың командалары қатыса алады. Бір заңды тұлғадан (филиалдар, еншілес және тәуелді ұйымдар) спорттың әрбір түрі бойынша тек 1 команда қатыса алады.

- Жеке спорт түрлері (үстел теннисі, армрестлинг, шахмат, тоғызқұмалақ, жүзу) бойынша ішкі іріктеу жарыстарын өткізу кезінде бір заңды тұлғадан спорттың әрбір түрі бойынша әрбір салмақ дәрежесінде 1 қатысушыдан (ерлер арасындағы жарыс, әйелдер арасындағы жарыс) ғана қатыса алады.

- Ішкі іріктеу жарыстарын өткізу барысында жеке спорт түрлеріне (үстел теннисі, армрестлинг, шахмат, тоғызқұмалақ) бір заңды тұлғадан спорттың әрбір түрі бойынша әрбір салмақ дәрежесінде 1-ші қатысушыдан (ерлер арасындағы жарыс, әйелдер арасындағы жарыс) жіберілуі мүмкін.

- Суперфиналға іріктеу жарыстарының жеңімпаз командалары (өз спорт түрінде бірінші орын алған) қатарынан құралатын қоржынды командадан бір құрама жіберіледі.

4.5. Қатысушыларды Суперфиналға Спартакиаданың ресми сайтында тіркеу нысанын толтыру арқылы құрама командаға жауапты бір адам әр спорт түрі бойынша жеке-жеке онлайн тіркейді. Бұл ретте әрбір ҚК іріктеу жарыстарына қатысушыларды тіркеу форматын дербес айқындайды.

4.6. Спартакиадаға қатысушылар тіркеуден өту үшін осы Регламентке сәйкес белгіленген нысандағы келесі құжаттардың сканерленген көшірмелерін ұсынуы қажет:

1) спорт түрі бойынша белгіленген нысандағы толтырылған техникалық өтінім (*осы Регламентке №1 қосымша*);

2) жеке басын растайтын құжаттар (*Спартакиаданың әрбір қатысушысына жеке куәлік немесе паспорт*);

3) “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобында жұмыс істеу кезеңін растайтын құжат (*зейнетақы аударымдары туралы ХҚКО-дан анықтама, бұл ретте зейнетақы аударымдарының ең аз мерзімі штаттық қызметкерлер үшін кемінде 3 (үш) айды және аутстаффинг қызметкерлері мен АҚС шарттары негізінде еңбек ететін қызметкерлер үшін кемінде 3 (үш) айды құрауы тиіс, Спартакиаданың әрбір қатысушысына еңбек келісімшарты (шетелдік қызметкерлер/ ҚР бейрезиденттері үшін)*);

4) Спартакиаданың әрбір қатысушысына жеке жауапкершілік туралы мәлімдеме (*осы Регламентке №3 қосымша*).

4.7. Спартакиаданың байланыс орталығы онлайн тіркеу кезеңінде спортшылар ұсынған барлық құжаттардың осы Регламенттің талаптарына сәйкестігін тексеруге тиіс.

- Цифрлық құжаттарға еркін қол жеткізу мақсатында әрбір қатысушы-спортшы өз смартфонында EGOV Mobile мобильді қосымшасын орнатуға және азаматтардың мобильді базасында (АМБ) тіркелуге міндетті.

- Жарысқа кіру кезінде Спартакиадаға қатысуға тіркелу барысында ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру және қатысушыларды сәйкестендіру EGOV Mobile мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі (өзімен бірге жеке куәліктің түпнұсқасы да болуы қажет). Тіркеу нысанын

толыққанды және дұрыс толтырған, әрбір қатысушыға барлық қажетті құжаттарды жүктеген, жеке басын сәйкестендірген спортшылар ғана Спартакиаданың Суперфиналына қатысуға жіберілетін болады.

4.8. Ойынды бастау үшін қатысуға рұқсат етілген ойыншылардың саны келесідей болуы керек:

№	Спорт түрі	Құрамы	
		Ер.	Әйел.
1.	Футзал	Алаңда: 5 адам Алмастыру: 5 адам	-
2.	Кибер спорт «Counter-Strike: Global Offensive»	Алаңда: 5 адам.	-
3.	Волейбол	Алаңда: 6 адам Алмастыру: 4 адам	Алаңда: 6 адам Алмастыру: 4 адам
4.	Баскетбол	Алаңда: 5 адам Алмастыру: 5 адам	-
5.	Арқан тарту	Алаңда: 6 адам Алмастыру: 2 адам	
6.	Асық ату	Алаңда: 3 адам (2 ер + 1 әйел) Алмастыру: 1 адам	

№	Спорт түрі	Құрамы	
		Ер.	Жен.
7.	Үстел теннисі	1 адам	1 адам
8.	Шахмат	1 адам	1 адам
9.	Тоғызқұмалақ	1 адам	1 адам
10.	Армрестлинг	1 адам (80 кг дейін)	1 адам (65 кг дейін)

	<i>салмақ санаттары бойынша</i>	1 адам (80 кг астам)	1 адам (65 кг астам)
11.	Жүзу	40 жасқа дейінгі 1 адам; 40 жастан асқан 1 адам.	40 жасқа дейінгі 1 адам; 40 жастан асқан 1 адам.

4.9. Егер ойындар кесте бойынша қиылыспаса, спортшы спорттың екі түріне қатысуға құқылы. Ойындар бір уақытта болған жағдайда, спортшы қатыса алатын спорт түрін таңдауы керек. Бұл ретте, егер спортшы екі түрде мәлімделген болса, спорттың екінші түрінде оған автоматты түрде жеңіліс беріледі (егер екінші түрі жеке бөлімге кірсе).

4.10. Іріктеу жарыстарының қорытындысы бойынша Спартакиаданың Суперфиналына бірінші орын алған жеңімпаз командалар жіберіледі. Бұл ретте қоржындық компанияның дәлелді себеп (ауру, медициналық қорытындымен расталған жарақат) болған жағдайда іріктеу жарыстарында берілген спорт түрі бойынша кейінгі жүлделі орындарға ие болған ойыншылар арасынан алмастыру жүргізуге мүмкіндігі бар. ***Шахмат, үстел теннисі және тоғызқұмалақ спорт түрлері бойынша іріктеу жарыстарында 1-2 орын алған екі қатысушы Суперфиналға өтеді.***

4.11. Егер мұндай командалар/қатысушылар Суперфиналға қатысудан бас тартқан жағдайда, спорт түрі бойынша қорытынды хаттамаға сәйкес келесі орындарға ие болған командалар/қатысушылар Суперфиналға жіберіледі.

4.12. Спортшылардың Спартакиаданың Суперфиналына қатысуының шарты спорттың ойын түрлері (футзал, волейбол, баскетбол, арқан тарту, кибер-спорт, асық ату) бойынша бірыңғай спорттық жарыс формасының (футболканың артқы жағында нөмірлері бар) және жеке спорт түрлеріне қатысушылардың (үстел теннисі, армрестлинг, шахмат, тоғызқұмалақ) спорттық формасының міндетті түрде болуы болып табылады.

4.13. Суперфиналға қатысушылар үшін Спартакиаданың ашылу және жабылу салтанаттарында команданың барлық қатысушыларында шеру/сапқа

тұру үшін бірыңғай спорттық-салтанатты форманың болуы міндетті (спорттық костюм).

4.14. Суперфиналға өтінім берген кезде, ойыншы Регламент талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Суперфиналға жіберілмейді. Бұл ретте оның орнын Регламент талаптарына сәйкес болған жағдайда келесі орынды иеленген ойыншы алуға құқығы бар.

4.15. Тек дәлелді себеп болған жағдайда ғана спорттың барлық түрлері бойынша 15 минутқа дейін кешіктіруге жол беріледі.

4.16. Әрбір жарыс (ойын) алдында қатысушылар жеке куәліктің немесе паспорттың түпнұсқасын не "Kaspi" қосымшасының мемлекеттік қызметтері арқылы ұсынуға міндетті. (Фотосурет, скрин, бұрын жүктелген құжаттар немесе көшірмелер тексеруге жарамайды).

4.17. Ойын алаңындағы спорттың әр түрі бойынша ойын барысында тех. өтінімде көрсетілген компанияның тек 1 (бір) өкілі ғана бола алады.

5. Төрешілік және мандаттық комиссия.

5.1. Спартакиаданың төрешілер алқасының құрамын Спартакиаданың Бас төрешісі қалыптастырады және бекітеді. Әрбір ҚК төрешілер алқасының құрамын және іріктеу жарыстарының бас төрешісін дербес анықтайды. Төрешілер алқасы мен Спартакиада Суперфиналының бас төрешісін “Samruk-Kazyna Trust” КҚ анықтайды..

5.2. Спартакиаданың төрешілер алқасының құрамына Бас төреші, Спартакиаданың хатшысы және спорт түрлері бойынша бас төрешілер кіреді.

5.3. Әрбір спорт түрі бойынша бас төрешілер басқаратын төрешілер бригадалары құрылады, олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

5.3.1. Жеребе тастау (қажет болған жағдайда);

5.3.2. Жарыс күндерінің кестелерін дайындау (белгілі бір спорт түрінің ерекшелігіне байланысты турнир торлары, т. б.);

5.3.3. Жарысқа төрешілік ету;

5.3.4. Белгілі бір спорт түрінің ерекшелігіне байланысты турнир торларын, ойын, жекпе-жек хаттамаларын және т.б. жүргізу және толтыру.

5.3.5. Қорытындыларды шығару және Бас төрешіге және Спартакиаданың хатшысына одан әрі беру үшін спорт түрі бойынша кураторға хаттамалар мен есептерді беру;

5.3.6. Қорытынды хаттамаларды, турнирлік кестелер мен есептерді қалыптастыра отырып, Спартакиаданың барлық түрлері бойынша спорттық жарыстарының қорытындыларын шығару.

5.3.7. Ойыншыларды алып тастау жарыстың төрешілер алқасының шешімімен жүзеге асырылады. Алып тастау/дисквалификациялау арқылы жазаланатын неғұрлым өрескел бұзушылықтарды (қарсыластың соққысы, төрешілер бригадасына, қарсыласқа, серіктеске, жанкүйерге және т. б. балағат сөздер) жарыстың төрешілер комиссиясы айқындайды.

Спартакиадаларды өткізу алаңдарында туындайтын барлық даулы мәселелер бойынша шешімді Регламенттің қағидаларына сәйкес төрешілер комиссиясы қабылдайды.

5.3.8. Егер іріктеу жарыстары мен Суперфинал өткізілетін жерде қатысушылар өзін әдепті ұстамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының спорт федерацияларының регламентіне сәйкес жарыстардың Бас төрешісі, хатшы, жекелеген спорт түрлері бойынша бас төрешілер, сондай-ақ жарыстардың төрешілері мұндай адамдарды дисквалификациялау туралы шешім қабылдауға және тіркелген қатысушыларды спорт жарыстарына, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйіндегі және Спартакиадаға нұқсан келтіруі мүмкін жанжал жағдайларын туғызатын үшінші тұлғаларды Спартакиаданы өткізудің барлық кезеңіне қатысуға жібермеуге құқылы.

5.4. Мандаттық комиссияның отырысы жарыс басталардан бір күн бұрын өткізіледі.

5.5. Жеребе тастау және матчтар кестесін жасау үшін команда капитандары іріктеу жарыстары шеңберінде мандаттық комиссия отырысына

міндетті түрде қатысуы керек. Мандаттық комиссия отырысында жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысушылардың болуы міндетті емес.

5.6. Мандаттық комиссияның отырысы барысында командалардың капитандары №2 қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы техникалық өтінімге толықтырулар мен өзгерістер енгізу жолымен спорт түрлері бойынша командаларға қатысушылардың негізгі құрамдарын ауыстыруды жүзеге асыра алады. Мандаттық комиссия отырысынан кейін жарысқа қатысушыларды ауыстыруға жол берілмейді.

5.7. Қатысушы командалардың жеребе тастау қорытындысы бойынша мандаттық комиссияның отырысында командалық спорт түрлері бойынша жарыстарды өткізудің жалпы тәртібі айқындалады.

5.8. Команда капитандарының келісімімен командалық спорт түрлерінде жеңімпаздарды анықтау жүйесі тиісті спорт түрінің аға төрешісінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

5.9. Жеке спорт түрлерінде жеңімпаздарды анықтау жүйесі барлық қатысушылардың келісімі болған жағдайда жарыс басталар алдында тиісті спорт түрінің аға төрешісінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

5.10. Мандаттық комиссияның отырысы барысында осы Регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін қатысушы анықталған жағдайда, команда қатысушыны ауыстыруға құқылы.

5.11. Суперфинал шеңберінде Мандаттық комиссия отырысында Хаттамалық Ашылуды өткізу үшін командалар капитандарының, сондай-ақ жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысатын спортшылардың қатысуы міндетті.

5.12. Іріктеу жарыстарының, сондай-ақ Суперфиналдың кезеңі барысында Мандаттық комиссияның өкілдері Спартакиадаға қатысушылардан өтінімнің осы Регламенттің талаптарына сәйкестігін растау үшін жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ EGOV Mobile қосымшасы арқылы сәйкестендіруді сұратуға құқылы.

5.13. Мандаттық комиссияның функциялары / құқықтары/міндеттері:

- командалық спорт түрлері бойынша жарыстарды өткізудің жалпы тәртібін айқындау;

- Мандаттық комиссия отырысы кезінде жарысқа қатысушылардың құжаттарын қарау;

- ойын кестесін құру;

- қатысушының жеке басын сәйкестендіру үшін қажетті қосымша құжаттарды сұрату;

- жарысқа қатысушылар регламентінің қағидалары шеңберінде қатысуға қабылдау/бас тарту туралы шешімді қарау және шығару;

- ойыншыларды алмастыру туралы құжаттарды қабылдау.

5.14. Төрешілік комиссияның функциялары / құқықтары/міндеттері:

- жарыстарға төрешілік ету;

- жеребе тастау (қажет болса);

- турнир торларын, ойын хаттамаларын жүргізу, іріктеу жарыстары мен Суперфиналды қорытындылау;

- іріктеу жарыстары мен Суперфинал өткізілетін жерде қатысушылар өзін әдепті ұстамаған жағдайларды қарастыру, осы Регламентке және Қазақстан Республикасының спорт федерацияларының регламентіне сәйкес төрешілер комиссиясы мұндай адамдарды дисквалификациялау туралы шешім қабылдауға және тіркелген қатысушыларды спорт жарыстарына, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйіндегі және Спартакиадаға нұқсан келтіруі мүмкін жанжал жағдайларын туғызатын үшінші тұлғаларды Спартакиаданы өткізудің барлық кезеңіне қатысуға жібермеуге құқылы;

- спорттық жарыстарды өткізуді жақсарту үшін регламентке ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

- жарыс өткізу орындары мен спорт жабдықтарын іріктеу мәселелеріне қатысу;

- ұпайлар 1-ден 8-ші орын аралығында беріледі.

Төрешілер комиссиясы жарыстарды өткізу кезіндегі барлық даулы мәселелер бойынша шешімді Регламент пен Қазақстан Республикасы спорт федерациясының қағидаларына сәйкес қабылдайды.

6. Марапаттау

6.1. Спартакиадада іріктеу жарыстары мен суперфинал аясында мыналар ойнатылады:

	Санаттар	Спорт түрі
1	Командалық спорт түрлері бойынша біріншілік	футзал, волейбол, баскетбол, арқан тарту, кибер-спорт, асық ату
2	Ерлер мен әйелдер арасындағы жеке спорт түрлері бойынша жеке біріншілік	армрестлинг, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ
3	Командалық спорт түрлеріндегі номинациялар	футзал, волейбол, баскетбол, арқан тарту, кибер-спорт, асық ату

6.2. Іріктеу жарыстары шеңберінде спорт түрлері бойынша ұсынылатын марапаттау нысаны:

№	Спорт түрі	I орын	II орын	III орын
1	Футзал	<ul style="list-style-type: none"> • I дәрежелі Диплом және медаль <ul style="list-style-type: none"> • Спорт түрі бойынша іріктеу жарыстарының чемпионы мәртебесін беру • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • II дәрежелі Диплом және медаль <ul style="list-style-type: none"> • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • III дәрежелі Диплом және медаль <ul style="list-style-type: none"> • Сыйлық
2	Волейбол			
3	Баскетбол			
4	Арқан тарту			
5	Кибер-спорт			
6	Асық ату			
7	Армрестлинг			
8	Үстел теннисі			
9	Шахмат			
10	Тоғызқұмалақ			

6.3. Суперфинал шеңберінде спорт түрлері бойынша марапаттау нысаны:

№	Спорт түрі	I орын	II орын	III орын
1	Футзал	<ul style="list-style-type: none"> • Спорт түрі бойынша Чемпион дипломы • I санатты медальдар • I санатты Кубок • Спорт түрі бойынша Спартакиада Чемпионы мәртебесін беру • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • II дәрежелі Диплом • II санатты медальдар • II санатты Кубок • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • III дәрежелі Диплом • III санатты медальдар • III санатты Кубок • Сыйлық
2	Волейбол			
3	Баскетбол			
4	Арқан тарту			
5	Кибер-спорт			
6	Асық ату	<ul style="list-style-type: none"> • I санатты медальдар • I санатты Кубок • Спорт түрі бойынша Спартакиада Чемпионы мәртебесін беру • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • II дәрежелі Диплом • II санатты медальдар • II санатты Кубок • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • III дәрежелі Диплом • III санатты медальдар • III санатты Кубок • Сыйлық
7	Армрестлинг	<ul style="list-style-type: none"> • Спорт түрі бойынша Чемпион дипломы • I санатты медальдар • I санатты Кубок • Спорт түрі бойынша Спартакиада Чемпионы мәртебесін беру • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • II дәрежелі Диплом • II санатты медальдар • II санатты Кубок • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • III дәрежелі Диплом • III санатты медальдар • III санатты Кубок • Сыйлық
8	Үстел теннисі			
9	Шахмат			
10	Тоғызқұмалақ	<ul style="list-style-type: none"> • I санатты медальдар • I санатты Кубок • Спорт түрі бойынша Спартакиада Чемпионы мәртебесін беру • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • II дәрежелі Диплом • II санатты медальдар • II санатты Кубок • Сыйлық 	<ul style="list-style-type: none"> • III дәрежелі Диплом • III санатты медальдар • III санатты Кубок • Сыйлық

		мәртебесін беру <ul style="list-style-type: none"> • Сыйлық 		
--	--	--	--	--

6.4. Спартакиаданың командалық спорт түрлерінде мынадай ұсынылатын номинациялар айқындалды:

Футзал	Волейбол	Баскетбол	Арқан тарту	Кибер-спорт	Асық ату
<ul style="list-style-type: none"> • Үздік қақпашы • Үздік бомбардир • Үздік ойыншы 	<ul style="list-style-type: none"> • Үздік ойыншы 	<ul style="list-style-type: none"> • 3 ұпай аймағынан допты кіргізу бойынша Конкурс • Допты үстінен ккіргізу бойынша Конкурс • Үздік ойыншы (ең көп ұпай) 	<ul style="list-style-type: none"> • Ең сенімді зәкір 	<ul style="list-style-type: none"> • Еркін номинация 	<ul style="list-style-type: none"> • Еркін номинация

6.5. Командалық спорт түрлеріндегі номинациялар бойынша жеңімпаздарды спорт түрі бойынша аға төрешімен анықталып, құрмет грамоталарымен және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

6.6. Жалпы командалық кешенді есепте жеңімпаз Бас төрешімен анықталады және Суперкубокпен марапатталады.

7. Наразылықтар

7.1. Жеке немесе командалық спорт түрлерінде осы Регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін қатысушы анықталған және қарсылас қатысушы немесе қарсылас команда уақтылы наразылық білдірген жағдайда, осы спорт түріндегі бұзушылықтарға жол берген команда/қатысушы жарыстан шеттетіледі. Бұрын ойналған кездесулердің нәтижесі жойылады.

7.2. **Әрбір ойналған кездесуден кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде берілген** наразылықтар қарауға жатады. Уақтылы берілмеген наразылықтар қаралмайды.

7.3. Жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысатын команда капитаны немесе спортшы жарыс қағидаларын бұзған немесе орындарды анықтауда елеулі өзгерістерге әкеп соққан төрешілердің қателіктері болған жағдайда жарыс нәтижесіне наразылық білдіре алады. Бұл ретте, жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысатын команда капитаны немесе спортшы жарыс аяқталғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде спорт түрі бойынша аға төрешіге жазбаша нысанда наразылық беруге тиіс – спорт түрі бойынша аға төреші жарыстың аяқталу уақытын және наразылық беру уақытын белгілейді. Уақтылы берілмеген наразылықтар қаралмайды.

8. Спартакиаданы өткізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары

8.1. Спартакиада шеңберінде спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу объектілері өрт және қоғамдық қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуге тиіс. Жарыстарды өткізу объектілерінде міндетті түрде білікті медициналық персонал болуға тиіс.

8.2. Жарысты өткізу кезінде қатысушылар қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы тиіс. Спартакиада өткізілетін объектілердің үй-жайларында темекі шегуге тыйым салынады. Темекі шегуге тек арнайы белгіленген жерлерде рұқсат етіледі. Қағидаларды бұзу қатысушыны немесе

қатысушысы дұрыс емес жерде темекі шегетіні байқалған команданы дисквалификациялауға әкеледі.

8.3. Спартакиаданы өткізу кезеңіндегі жарыстар кезінде Спартакиада қатысушылары өздерінің денсаулық жағдайына жеке жауапты болады. Бұл ретте Спартакиаданы ұйымдастырушы Спартакиадаға қатысушылардың өмірі мен денсаулық жағдайы үшін жауапты емес.

9. Қаржылық шарттар

9.1. Командаларды іссапарға жіберу, тұру, жабдықтарды өндіру және тамақтандыру бойынша қаржылық шығыстарды ҚК/ЕТҰ көтереді. Спартакиада өткізу объектісінің (объектілерінің) аумағында мүлік бүлінген жағдайда келтірілген залалды өтеу жөніндегі шығыстарды кінәлі Тарап дербес көтереді.

9.2. Әрбір ҚК іріктеу жарыстарын ұйымдастыруға байланысты шығындарды өз бетінше көтереді.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Регламенттің спорттық/ұйымдастырушылық құрамдас бөлігіне өзгерістер, толықтырулар енгізу белгіленген тәртіппен жүргізіледі және Спартакиада қға қатысушылардың назарына жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ ӨТІНІМ

“Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы
Спартакиада жарыстарында

_____ спорт түрі бойынша

_____ компаниясының қатысуына

(компания атауы)

№ р/с	Қатысушының Т.А.Ә. (толығымен)	Спорт түрі	Біліктілік (спорт.дәреже) болған кезде

ТАӘ Команданың жауапты өкілі _____

Байланыс деректері Команданың жауапты өкілі _____

E mail Команданың жауапты өкілі _____

Қоржындық компанияның бірінші басшысы _____

(ҚОЛЫ)

ТЕХНИКАЛЫҚ ӨТІНІМГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

“Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы
Спартакиада жарыстарында

_____ компаниясынан.

№ р/с	Қатысушының Т.А.Ә. (толығымен)	Туған күні (кк.аа.жжжж.)	Лауазымы	Спорт түрі
<i>МӘЛІМДЕЛГЕН</i>				
1				
<i>ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР</i>				
2				

ТАӘ Команданың жауапты өкілі _____

Байланыс деректері Команданың жауапты өкілі _____

E mail Команданың жауапты өкілі _____

Команданың жауапты өкілі _____

(ҚОЛЫ)

Жеке жауапкершілік туралы мәлімдеме

Мен _____,

(Тегі, Аты, Әкесінің аты толығымен)

Жеке куәлік № _____, _____ берілген,

(номер) (қашан және кіммен)

_____,

(компания атауы)

компаниясы атынан “Самұрық-Қазына” АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы Спартакиадаға қатысатыным туралы мәлімдеймін

Өткізу Регламентімен таныстым. Медициналық қарсы көрсетілімдер жоқ. Спартакиаданы өткізудің барлық кезеңінде жарыс кезінде өз денсаулығымның жай-күйіне жеке жауап беремін. Жарақат алған жағдайда Спартакиаданы ұйымдастырушыларға, сондай-ақ жұмыс берушіме деген талаптарым жоқ.

(қатысушының қолы)

Күні _____

Спартакиада Регламентіне

№4 қосымша

Бас төреші

Кімнен _____

Наразылық нысаны

Мен, _____ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның

VII Спартакиада қатысушысы

наразылық білдіргім келеді

(қатысушының қолы)

Күні _____

СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАРЫСТАР ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Футзал

1.1. Осы тармақта көрсетілген қағидалар іріктеу жарыстары үшін де, Суперфинал үшін де қолданылады.

1.2. Іріктеу жарыстарына **24 команда ғана** қатыса алады. Тіркелген командалар саны көп болған жағдайда, аға төрешінің қалауы бойынша таңдалған жүйеге сәйкес спорт түрі бойынша іріктеу алдындағы жарыстар (шығару) өткізіледі.

1.3. Команда құрамы - 10 (он) адам (*алаңда - 5 адам, алмастыру – 5 адам*). Ойындар ерлер командалары арасында өткізіледі. Матчтардың ұзақтығы - ауттарға, айыптарға, голдарды мерекелеуге және т.б. тоқтаусыз 10 (он) минуттан 2 (екі) тайм, үзіліс 5 (бес) минут.

Командаларға әр таймда бір тайм-аут алуға рұқсат етіледі. Үзіліс 5 минуттан аспайды. Матч басталған кезде команда құрамында кемінде 5 ойыншы болуы керек.

1.4. Жарыстар екі кезеңде өтеді:

1.4.1. Бірінші кезең – топтық:

- іріктеу жарыстары мен суперфиналда командалар соқыр жеребе тастау қағидаты бойынша топтарға бөлінеді;

- топтардағы матчтар “әрқайсысы әрқайсысымен” қағидаты бойынша бір шеңберде өтеді.

1.4.2. Жарыстың топтық кезеңіндегі жеңімпаздар жинаған ұпай сомасы бойынша анықталады: жеңіс үшін – 3 ұпай, тең нәтиже үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай.

1.4.3. Екі немесе одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда, қорытынды кестедегі орындар келесідей анықталады:

- өзара ойындардың нәтижелері бойынша (ұпай саны, гол соғылған және жіберілген доптардың айырмашылығы, гол соғылған доптардың саны);

- барлық матчтарда гол соғып, гол жіберіп алған ең жақсы айырмашылық бойынша;

- Fair Play ұпайларының ең аз саны (ескерту (сары карта) – 1 ұпай, екі ескерту үшін ойыннан шығару (екі сары карта) – 3 ұпай, ойыннан «тікелей» шығару (қызыл карта) – 5 ұпай).

Бұзушылықтар тең болған жағдайда алдымен тікелей ойыннан шығарылғаны үшін айыппұл ұпайлары, бұдан әрі – екі сары карточка үшін ойыннан шығару, бұдан әрі – сары карточкалар ескеріледі.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер тең болған жағдайда жеңімпаз жеребемен анықталады.

Матч хаттамасына енгізілген жаттықтырушы мен қосалқы ойыншылар матч кезінде техникалық аймақта орналасқан арнайы белгіленген орындарға орналастырылады. Матч кезінде техникалық аймақ шегінде матч хаттамасына енгізілмеген адамдардың, шығарып жіберілген және дисквалификацияланған ойыншылардың болуына жол берілмейді.

Осы талап орындалмаған жағдайда матч төрешісі матчты бастамауға/тоқтатуға құқылы. Осы бұзушылыққа кінәлі командаға 0:5 есебінде техникалық жеңіліс, ал қарсылас командаға 5:0 есебінде жеңіс беріледі.

Осы регламентте көзделмеген барлық жағдайлар ойын ережелеріне, сондай-ақ ҚФФ (Қазақстан Футбол Федерациясы) регламенттейтін құжаттары мен ережелеріне сәйкес қаралуға жатады.

1.4.3. Екі немесе одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда орындар келесідей үлестіріледі:

1.4.4. Екінші кезең - финал:

- суперфиналда өз топтарында алғашқы екі орынды иеленген командалар плей-офф матчтарына қатысу құқығын алады;

- плей-офф жұптары Турнирдің Төрешілер алқасы бекіткен топ бойынша анықталады;

- жұптардың жеңімпаздары бір матчтың нәтижесі бойынша анықтал ады. Матчтың негізгі уақыты аяқталғаннан кейін тең нәтиже болған жағдайда, жеңімпаз 6 метрлік соққылар сериясы арқылы анықталады.

1.5. Мини-футбол бойынша жарыстар «жеңілдетілген» ережелер бойынша өткізіледі:

- қақпашыға қайта пасты беру шексіз рет рұқсат етіледі;
- матч барысында жиналған фолдар саны есептелмейді;
- допты ауттан кіргізу тек доптың проекциясы бүйір сызыққа қатаң тиіп тұруымен шектеледі.

1.5. Жарыс футзал ойынының ережелері бойынша өткізіледі.

1.6. Тәртіптік санкциялар.

1.6.1. Жарыс барысында ойыншылардың өзін өзі ұстауы үшін компания өкілдері жауап береді.

1.6.2. Ойынның бұзылуына әкеп соққан ойын командаларының тәртіпті емес қылықтары жағдайында кінәлі командаға жарыстың төрешілер алқасының шешімімен 0:3 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 3:0 есебімен жеңіс есептеледі.

1.6.3. Матчқа дәлелді себепсіз келмеген командаға, сондай-ақ 15 (он бес) минуттан артық кешіккен командаға жарыстың төрешілер алқасының шешімімен 0:5 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 5:0 есебімен жеңіс есептеледі. Матчқа дәлелді себептерсіз немесе кешікпей қайта келмеген жағдайда, төрешілер алқасының шешімімен команда қатысушылар құрамынан шығарылады. Егер жарыстан шығарылған команда матчтардың жартысынан азын өткізсе, онда оның нәтижелері жойылады. Егер ол матчтардың жартысын немесе одан да көбін өткізген болса, онда бұл команда қалған матчтарда 0:5 есебімен жеңіліске ұшырайды, ал қарсылас командаларға 5:0 есебімен жеңіс беріледі.

1.6.4. Белгіленген тәртіппен рәсімделмеген немесе дисквалификацияланған ойыншының матчқа қатысқаны үшін командаға

төрешілер алқасының шешімімен 0:5 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 5:0 есебімен жеңіс есептеледі.

1.6.5. Жарыс барысында екі ескерту алған ойыншы автоматты түрде (шешім шығармай) келесі ойыннан дисквалификацияланады.

1.6.6. Алаңнан қуылған ойыншы келесі ойынды автоматты түрде өткізіп жібереді. Жарыстың төрешілер алқасы ойыншыларды алаңнаң алып тастаудың барлық жағдайларын қарауға тиіс. Алаңнан қуып шығарумен жазаланатын неғұрлым өрескел бұзушылықтар үшін (қарсыластың соққысы, төрешілер бригадасына, қарсыласқа, серіктеске, жанкүйерге және т.б. балағат сөздер) дисквалификацияны жарыстың төрешілер алқасы шешеді.

1.6.7. Осы Қағидада көзделмеген барлық тармақтар мини-футбол ойнау ережелерімен регламенттеледі.

1.7. Киім-кешек.

Келесі шарттар міндетті болып табылады:

- арнайы ойын аяқ-киімінің болуы;
- қорғаныс футбол қалқандарының болуы;
- футболканың артқы жағында нөмірі көрсетілген футбол формасының болуы.

Жоғарыда аталған киім-кешек болмаған жағдайда, ойыншы матчқа жіберілмейді.

2. Волейбол

2.1. Осы тармақта көрсетілген Ережелер іріктеу жарыстары үшін де, Суперфинал үшін де қолданылады. Волейбол ерлер мен әйелдер командалары арасында бөлек өткізіледі. Бұл ережелер екі дивизионға да қолданылады (ерлер мен әйелдер дивизионы).

2.2. Іріктеу жарыстарына **24 команда ғана** қатыса алады. Тіркелген командалар саны көп болған жағдайда, аға төрешінің қалауы бойынша таңдалған жүйеге сәйкес спорт түрі бойынша іріктеу алдындағы жарыстар (шығару) өткізіледі.

2.3. Әр команданың құрамы - 10 (он) адам (алаңда - 6 адам алмастыру - 4 адам). Ойындар үш партиядан өткізіледі. Екі партия 25 (жиырма бес) ұпайға дейін, үшінші партия 15 (он бес) ұпайға дейін ойналады. Командалардың бірі қатарынан екі партияны жеңіп алған кезде - үшіншісі өткізілмейді. 2 тайм-аутқа рұқсат етіледі. Бір партияды алмастыру саны - 2 (екі), ер адам ер адамды, ал әйел сәйкесінше әйелді алмастырады.

2.4. Жарыстар екі кезеңде өткізіледі:

2.4.1. Бірінші кезең – топтық:

- іріктеу жарыстары мен суперфиналда командалар соқыр жеребе тастау қағидаты бойынша топтарға бөлінеді;

- топтардағы матчтар “әрқайсысы әрқайсысымен” қағидаты бойынша бір шеңберде өтеді.

- жарыстың суперфиналдық кезеңінде командалар топтарға соқыр жеребе қағидаты бойынша бөлінеді;

2.4.2. Жарыстың топтық кезеңіндегі жеңімпаздар жиналған ұпай сомасы бойынша анықталады. 2:0 есебімен жеңген кезде жеңімпаз 2 (екі) ұпай алады, жеңілгендер 0 (нөл) ұпай алады. 2:1 есебімен жеңген кезде жеңімпаз 2 (екі) ұпай алады, жеңілгендер 1 (бір) ұпай алады.

2.4.3. Екі немесе одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда орындар келесідей үлестіріледі:

- жеңістер саны бойынша;

- партия коэффициенті бойынша;

- ұпай коэффициенті бойынша.

2.4.4. Екінші кезең - финал:

- жартылай финалдық матчтардың жеңімпаздары 1 орын, жеңілгендер 3 орын үшін жарысады.

- іріктеу жарыстарының топтық турнир кезеңінде бірінші орын алған командалар плей-офф матчтарына қатысу құқығын алады;

- Суперфиналда өз топтарында алғашқы екі орынды иеленген командалар плей-офф матчтарына қатысу құқығын алады;

- плей-офф жұптары жарыстардың волейбол бойынша Төрешілер алқасы бекіткен тор бойынша анықталады;

- жартылай финалдық матчтардың жеңімпаздары 1 орын, жеңілгендер 3 орын үшін ойнайды;

- жартылай финалдық матчтар, 3 орын үшін матч және финалдық матч 5 партиядан тұрады. Матч командалардың бірі үш ойында 25 (жиырма бес) ұпайға дейін, 5 (бесінші) ойында 15 (он бес) ұпайға дейін жеңген кезде аяқталады.

2.5. Тәртіптік санкциялар:

2.5.1. Матчқа дәлелді себепсіз келмеген командаға, сондай-ақ кешіккен командаға жарыстың төрешілер алқасының шешімімен 0:2 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 2:0 есебімен жеңіс есептеледі. Матчқа келесі мәрте дәлелді себепсіз келмеген немесе кешігіп келген жағдайда, команда жарыстардың төрешілер алқасының шешімімен қатысушылар құрамынан шығарылады.

2.5.2. Жарыстан шығарылған команда матчтардың жартысынан азын өткізсе, оның нәтижелері жойылады. Егер ол матчтардың жартысын немесе одан да көпін өткізген болса, онда бұл команда қалған матчтарда 0:2 есебімен жеңіліске ұшырайды, ал қарсылас командаларға 2:0 есебімен жеңіс беріледі

2.5.3. Матчқа белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе дисквалификацияланған ойыншының қатысқаны үшін командаға төрешілер алқасының шешімімен 0:2 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 2:0 есебімен жеңіс беріледі.

